

Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебінде өткізілген
қамқоршылық кеңес отырысының
хаттамасы

Құмқұдық ауылы

15.05.2019 жыл

Қатысқандар: 21

Күн тәртібінде:

1. Білім алушылармен ішкі тәртіп ережесінің сақталуы /мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтердің қорытындысы/
2. Білім алушылардың қосымша біліммен қамтылуы.
3. Білім беру ұйымы басшысының есебі.
4. Білім беру ұйымдарында тамақтандырудың ұйымдастырылуы.
5. Балалардың жазғы демалысының ұйымдастырылуы, қауіпсіздік сақталуы, еңбек демалысының ұйымдастырылуы.

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры А.О.Биханова сөйледі.

- Ақтөбе облыстық білім басқармасының 20.12.2018 жылғы №2-8005 шығыс хатымен «Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға болмайтын заттар тізбесі» мен «Білім алушының тәртіп ережесі» туралы бұйрық келді, осы бұйрық негізінде білім алушыларға мектепке алып келуге болмайтын заттар тізімі таныстырылып, ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар бекітілген мектеп формасына сай киінеді.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша мектеп директорының ОТЖО А.Ш.Жакибаева сөйледі.

Білім алушылардың барлығы да қосымша біліммен қамтылды. Оның ішінде түрлі спорт секцияларымен қоса хор, би үйірмелері бар. Оқушылардың бос уақыты дұрыс ұйымдастырылған. Қосымша білім беру жұмыстарының арқасында оқушылар түрлі сайығтардан жүлделі орындармен оралуда.

Күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша мектеп директоры А.О.Биханова сөйледі.

- Қарашатау ЖОББ мектебінің жаңа ғимараты 2009 жылы қолданысқа берілді. Биылғы оқу жылын 245 оқушыман бастадық. 18 класс комплектісі бар. Білім сапасы 3-тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы 42 пайыз. Мектепте жабдықталған химия, биология, информатика кабинеттері жұмыс жасайды.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша мектеп директорының ТДЖО А.Т.Сейтенова сөйледі.

- Мектеп бойынша 2018-2019 оқу жылында барлығы 32 оқушы ыстық тамаққа тартылды. Олар әлеуметтік деңгейі әртүрлі отбасы балалары, көпбалалы отбасынан шыққан балалар, қамқоршылықтағы оқушылар. Ыстық тамақтың мәзірі күн сайын өзгертіліп, мектеп медбикесімен сапасы тексеріліп, қадағаланады. Оқушылардың тамаққа түгел баруына әлеуметтік педагог жауапты.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша мектеп директорының ТДЖО А.Т.Сейтенова сөйледі.